



КӨКЕЙКЕСТІ

МЕКТЕПКЕ ЖЕТУДІҢ



МАШАҚАТЫ

Ақтөбедегі Мәртөк ауданының Аққайың ауылында орта білім беретін мектеп ыңғайсыз орналасқан. Ауыл бөлек, ал мектеп айдалада тұрғызылған. Ауыл балалары мектепке қатынау үшін арадағы қайың орманын кесіп өту керек. Рас, жол ашық болу үшін жүз шақты қайың кесілген екен. Мектепке жақындай бергенде қалың қардың кеше-бүгін ашылғанын аңғару қиын емес. Қар үйіндісі адамның бойынан асады.

(Жалғасы 3-бетте)

ЖЕДЕЛ
СҰХБАТ



Бағлан ІҢКӨРБЕК:

ФРИСТАЙЛДЫ ОЙЛАНБАЙ ТАҢДАДЫМ

Алматыда өтіп жатқан 28-ші қысқы Универсиаданың екінші күні екі алтын қоржынға түсті. Соның бірін фристайлдағы микст, яғни аралас түрінен шымкенттік өрендер Жанбота Алдабергенова мен Бағлан Іңкәрбек жеңіп алды. Осы орайда «Жас қазақ» тілшісі су жаңа чемпиондарды құттықтады.

(Жалғасы
8-бетте)

ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНДЕ



БАЛАЛАР ДУБАЙҒА
99%-ДЫҚ ЖЕҢІЛДІКПЕН ҰШАДЫ

15 сәуір мен 30 қыркүйек аралығында балаларыңызға Біріккен Араб Әмірліктерінде ұмытылмас демалыс сыйлау мүмкіндігін жіберіп алмаңыз! 2 және 11 жас аралығындағы балаларыңыз үшін тарифтен 99 пайыздық жеңілдікпен Дубайға билет сатып алыңыз.

air astana

airastana.com



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
57,30

DOLLAR
326

EURO
352

РУБЛЬ
5,45

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

Науқасты
«сындыру»
операциясы



ҒАЛЫМ СМАҒҰЛ

(Жалғасы 5-бетте)

4

ТИІМДІ
МЕНЕДЖМЕНТ
СҮРЛЕУІМЕН

«МЕН ЖАЛҒАН
ЖИҺАДШЫНЫҢ
ӘЙЕЛІМІН»

5

КӨГЕРШІНДЕЙ
БОЛА
АЛМАҒАН
«КӨКЕК — ӘКЕ»

6

БІРТУАР
ШӘМІЛ

7



168 САҒАТ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Серпін

Құрметті қазақстандықтар!

Қасиетті Отанымыз Тәуелсіздіктің үшінші мүшесіне аяқ басты. Қазақстан қысқа мерзім ішінде кемелденіп, қуаты толысқан сақа мемлекетке айналды. Ширек ғасырда біз елімізді түбегейлі өзгерткен екі жаңғыруды іске асырдық. Алдымен, нарықтық экономика қағидаларына негізделген мүлдем жаңа сипатты мемлекет құрдық. Екіншіден, «Қазақстан-2030» стратегиясын жүзеге асырып, асқак Астанамызды салдық. Ал қазір кезекті маңызды белестің алдында тұрмыз. Бүгін менің халыққа Жолдауым бұқаралық акпарат құралдарында жарияланды. Мен биылғы Жолдауымда ел дамуына тың қарқын беретін жаңа бағдарлы ұсынбақпын.

Бас тақырып — Қазақстанның үшінші жаңғыруы.

Ол еліміздің экономикалық дамуының инновациялық өзегіне айналып, бәсекелік қабілетін арттыра түсуі тиіс. Біз цифрлық технологияларға негізделген болашағы зор бағыттарға айрықша мән беретін боламыз. Ал, білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау және баспанамен қамтамасыз ету сияқты маңызды салалар қашанда басты назарда қала бермек.

Құрметті қазақстандықтар!

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, Президенттің Жолдауды ауызша немесе жазбаша түрде мазмұндап беруге құқы бар. Осы жылы мен екінші тәсілді таңдадым. Осы стратегиялық құжатта елдің жаңа кезеңдегі әрі қарайғы дамуына көзқарас мазмұндалатын болады. Ширек ғасырда біз екі жаңғыруды жүзеге асырдық.

Бірінші — бұл нарықтық экономика қағидадары бойынша мүлдем жаңа мемлекет құру.

Екінші — 2030 стратегиясын жүзеге асыру және біздің Отанымыздың елордасы — Астананы қалып-



Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауы бойынша мәлімдемесі

тастыру. Қазақстан жедел қарқынмен дамыды және аса табысты 50 елдің қатарына қосылды. Қазіргі әлемдегі технологиялық дәстүрді түбегейлі өзгерту экономикалық өсімнің жаңа моделіне өтуді талап етеді. Сондықтан менің халыққа Жолдауым Қазақстанның үшінші жаңғыруына арналатын болады.

Біздің міндетіміз — елдің жаңа өмір шындығы жағдайларындағы жаһандық бәсекеге қабілеттілігі.

Біздің іс-қимылымыздың негізі — Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі Ұлт жоспары. үшінші жаңғырудың шешуші басымдықтарының бірі — экономиканы жедел технологиялық

жаңарту болады. Бұл цифрлық технологиялар базасында жаңа перспективалы салалар құру дегенді білдіреді. Бизнес — ортаны кеңейту мен жаппай кәсіпкерлік реформаны жүзеге асыру жөніндегі Ұлт жоспары. үшінші жаңғырудың шешуші басымдықтарының бірі — экономиканы жедел технологиялық

қол жеткізе аламыз. Қазақстанның технологиялық жаңғыруының шешуші бағыттары, қысқаша айтқанда, осындай. Қазақстан халқы елді болашақ дамыту мен өсіп-өркендетуге бағытталған ұсынылып отырған шараларды қолдайтынына сенімдімін. Баршаға алдағы үлкен жұмыста табыстар тілеймін.

ЖАҢА ДАМУ ЖОЛЫМЕН

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ЗАМАН ТАЛАБЫ

Әлемде кезекті, Төртінші өнеркәсіптік революция басталды. Экономиканы жаппай цифрландыру тұтас саланың жойылуына және мүлде жаңа саланың пайда болуына алып келеді. Біздің көз алдымызда болып жатқан ұлы өзгерістер — әрі тарихи сын-қатер, әрі Ұлтқа берілген мүмкіндік. Мен Қазақстанды үшінші жаңғырту жөнінде міндет қойып отырмын. Елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсімнің жаңа моделін құру қажет. Бұл жаңғыру — қазіргі жаһандық сын-қатерлермен күрес жоспары емес, болашаққа, «Қазақстан-2050» стратегиясы мақсаттарына бастайтын сенімді көпір болмақ. Ол Ұлт жоспары — «100 нақты қадам» базасында өткізіледі. Мен оның бес негізгі басымдығын көріп отырмын. Олар экономиканың әлемдік өсімінің орта деңгейден жоғары қарқынын қамтамасыз етуге және 30 озық елдің қатарына қарай тұрақты түрде ілгерілеуге лайықталған. Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл — маңызды кешенді міндет. Үкіметке «Цифрлық Қазақстан» жеке бағдарламасын әзірлеуді және қабылдауды тапсырамын. Жаңа индустриялар құрумен қатар дәстүрлі

базалық салаларды дамытуға серпін беруіміз керек. Бұл — өнеркәсіп, агроөнеркәсіптік кешен, көлік пен логистика, құрылыс секторы және басқа салалар.

АГРАРЛЫҚ СЕКТОР – ЭКОНОМИКАНЫҢ ЖАҢА ДРАЙВЕРІ

Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің болашағы зор. Көптеген позициялар бойынша біз әлемде ірі аграрлық экспорттық өнім өндірушілердің бірі бола аламыз. Бұл, әсіресе, экологиялық таза тағамдарға қатысты. «Made in Kazakhstan» бренді сондай өнімдердің эталоны болуға тиіс. Сонымен қатар астық өнімдері бойынша біз Еуразияда «нан көрзеңкесі» болуымыз керек. Шикізат өндірісінен сапалы өңделген өнім шығаруға көшу қажет. Тек сонда ғана біз халықаралық нарықтарда бәсекеге қабілетті бола аламыз. Ауыл шаруашылығын әртараптандырып, 2021 жылға қарай азық-түлік тауары экспортын 40%-ға көбейтуді тапсырамын. Бұл міндеттер агроөнеркәсіп кешенін дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасы аясында іске асырылуы қажет.

ЕҢБЕК НАРЫҒЫН ЖАҢҒЫРТУ

Жаңа технологиялардың енгізілуіне байланысты дәстүрлі

салаларда еңбек ресурстары босап қалатын болады. Сонымен бірге жаңа индустрия құрып, дамыту жұмыспен қамтуының және азаматтардың нақты табысын өсірудің қосымша ауысуы үшін жағдай жасауды тапсырамын. Біздің ірі кәсіпорындар әкімдіктермен бірлесе отырып, тиісті жол карталарын әзірлеуі керек. Онда қысқартылатын жұмысшыларды қайта даярлау, оларды әрі қарай жұмыспен қамту үшін бірлесіп инвестиция салу жайы қарастырылуы қажет. Басы артық жұмыс күші бар өңірлерден басқа жерлерге, сондай-ақ ауылдардан қалаларға жұмыс күшін ұтымдылықпен тартуға қолдау көрсету керек. Үкімет жұмыспен қамту орталықтарын реформалап, барлық бос жұмыс орындары мен бүкіл елді мекендерде бірінғай онлайн платформа қалыптастыруы қажет.

БИЗНЕС-ОРТАНЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЖАҚСARTY ЖӘНЕ КЕҢЕЙТУ

Біздің стратегиялық мақсатымыздың бірі — елдің ішкі жалпы өніміндегі шағын және орта бизнестің үлесі 2050 жылға қарай кем дегенде 50% болуын қамтамасыз ету. Бұл — өте өрішлі мақсат, бірақ оған қол жеткізуге болады. Оны

орындау үшін қазіргі кезеңде мынадай қадамдар жасалуы қажет. Бірінші. Менің тапсырмам бойынша Үкімет биылдан бастап Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын іске асыруға кірісіп кетті. Бұдан былай Қазақстан азаматтары өз бизнесін жүргізу үшін ауылда да, қалада да 16 миллион теңгеге дейін шағын несие ала алады. Шағын несие беру аясын кеңейтіп, кәсіпкерлерге кепілдік жасау және қызмет көрсету тетіктерін белсенді пайдалану керек. Бұл шараларды бизнес жүргізу және қаржылық сауаттылыққа үйрету ісін ұйымдастырумен қатар атқару керек. Жаппай кәсіпкерлікті қолдау тетіктерін одан әрі жетілдіру керек. Қазақстанның әр өңірі жаппай кәсіпкерлікті, соның ішінде отбасылық кәсіпкерлікті дамыту бағытында кешенді шаралар ұсынуға тиіс.

АДАМИ КАПИТАЛ САПАСЫН ЖАҚСARTY

Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз — білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет. Сонымен бірге IT-білімді, қаржылық сауаттылықты

қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек. Қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайту қажет. Атап айтқанда, үш тілді оқуға кезең-кезеңмен көшу мәселесі бойынша ұсыныстар әзірленсін. Қазақ тілінің басымдығы сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді. Сонымен қатар бүгінде ағылшын тілі — жаңа технология, жаңа индустрия, жаңа экономика тілі. Қазіргі кезде 90% акпарат ағылшын тілінде жарияланады. Әрбір екі жыл сайын олардың көлемі 2 есе ұлғайып отырады. Ағылшын тілін меңгермей, Қазақстан жалпы ұлттық прогреске жете алмайды. 2019 жылдан бастап 10-11-сыныптарда кейбір пәндерді ағылшын тілінде оқытатын боламыз. Бұл мәселені тиянақты ойланып, ақылмен шешу қажет. Мектептердің және мұғалімдердің деңгейі, әсіресе ауыл мен қалада әртүрлі. Білікті педагогтардың жетіспеу проблемасы да бар. Сондықтан, осының барлығын ескеріп, ағылшын тілін кезең-кезеңмен енгізуіміз керек.

(Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауынан)

Дархан МЫҢБАЙ,

Ұлттық музейдің директоры:



«Президенттің үндеуі мен Жолдауы бір-бірімен өте байланысты, бір-бірін толықтырып отырған оқиғалар. Өздеріңіз білесіздер, Мемлекет басшысы үндеуде саяси жаңғыру бағытында білік өкілеттіліктерін бөлу мәселесіне тоқталды. Бұған қазақстандықтар ғана емес, әлем сарапшылары назар аударды. Бірақ, қызығушылықпен қатар, түсіндіруді қажет ететін әртүрлі сұрақтар да бар. Бұл жерде ең бастысы, үндеуге жай ғана үн қосып қана қойып, айтылған нәрселерді қайталай беру емес. Кейбір өзекті мәселелерді жұртқа тарқатып, елдің көкейіне қонатындай етіп айту керек. Елбасы өз Жолдауында мемлекеттік тіл мен ағылшын тілін басымдық ретінде дамыту керек деді. Енді осыны жүзеге асырудың тетігін ойластыру керек. Біріншіден, үш тілде білім беру жүйесіне кезең-кезеңімен көшу керек. Екіншіден, бұл реформа бір ғана тілдің есебінде болмауы тиіс. Жақсы оқулықтарды айналымға түсіріп, білімді мамандарды тартқан жөн»

(Жолдауды таңқылауға арналған дөңгелек үстелде айтқан сөзінен)

ЖАҢҒЫRTY 3.0



Өңір басшысы өзінің орынбасары Мейрам Бегентаевқа және білім басқармасының басшысына бұл мүмкіндікті зерделеуді тапсырды. Ол «Балалар балабақшадан кейін мектепке барған кезде, қазақ тілді мектепке не орыс тілдіге баратынын өзі шешсін. Есесіне, балабақшадан кейін олардың санасында мемлекеттік тілдің негізі қаланады. Орыс және ағылшын тілдерінде пәндер мектептерде үйретіледі», — деп атап өтті.

БАЛАБАҚШАДА ҚАЗАҚЫ ТӘРБИЕ

Керекудегі барлық балабақша қазақ тілі тәрбиесіне көшеді. Павлодар облысының әкімі Болат Бақауов мұндай бастаманы мемлекет басшысының ел халқына Жолдауының негізгі бағыттарын түсіндіру бойынша өткен кеште білдірді.

Сөз-жебе

Иманғали ТАСМАҒАМБЕТОВ, Премьер-министрдің орынбасары:



«Ең маңыздысы, біз міндетті түрде тұрғындардың әлеуметтік аз қамтылған тобына тегін билет тарату мәселесін пысықтауымыз қажет. Олар осынау ауқымды шара ЭКСПО көрмесіне орай дайындалған көлемді әрі қызықты репертуарды тікелей өздері тамашалап, көру мүмкіндігіне ие болуы тиіс. Міне, осы сұрақты ерекше бақылауға алуымыз шарт. Әсіресе, бұл қаланың және мәдениет министрлігінің аясында өтетін шараларда ескерілуі керек»



МЕКТЕПКЕ ЖЕТУДІҢ МАШАҚАТЫ

(Басы 1-бетте)

Облыс орталығынан адамдар келетін болған соң, мектептің аузына оқушылар тасымалдайтын «Уазик» көлігін әкеліп қойыпты. Дегенмен, Аққайын ауылынан немересін шанаға отырғызып, бет-аузын сүлгімен жауып келе жатқан жергілікті тұрғынды сөзге тарттық. Анна әжей «Ауыл мен мектеп-балабақша арасы біршама жер. Күн ашықта, боран болмағанда, кара жолмен жарты сағатта жетемін. Немеремді шанаға отырғызып аламын да жаяу тарта беремін. Жалғыз мен емес, ауылдың барлығы осында солай қатынайды. Әйтеуір бүгін күн де ашық, жол да тазартылған», — дейді.

Мектепке кіре бере облыс басшысы да бірден: «айдалада салынған мектебің осы ма?» деп салды сырт киімін шешіп жатып. Дереве мәжіліс залына тартқан ол ондағы отыратын орын санын сұрады. 50 орынға есептеліп шыққан болды. Сахна тым сопақ. Үлкен залдың үштен бір бөлігін алып тұр.

«Мына сахнаны кішірейтіңдер. Өзі 50 адамға есептелген екен. Ал мектепте оқитын, тәрбиеленетін бала саны 100-ге жуық. 30 шақты мұғалім бар шығар. Мына залға барлығы сыймайды ғой», — деп ауыл әкімі мен мектеп басшылығына ескерту жасады Бердібек Сапарбаев. Су жана мектептің баспалдақтағы олқылығы да әкімнің назарын аударды. «Мердігерге мына кемшіліктерді жөндеу жөнінде тапсырма беріңдер. Бұжыр-бұжыр баспалдақты сырлап қойыпсындар, білмей қалады дедіңдер ме? Содан соң, сыртта кіреберістегі

баспалдақты да ретке келтіріңдер. Балалар тайып құлауы мүмкін», — деді Бердібек Сапарбаев мектеп басшылығына.

Мұнда мұғалім тапшылығы сезілмейді. Негізгі пәндердің барлығын мамандар оқытады.

Бір сыныпта 3-4 оқушыдан әрі кетсе, 5 оқушыны көзіміз шалды. Оның үстіне, Мәртөк ауданында бірнеше ұлт өкілі шоғырланғанын ескерсек, сабақ

кажетті жер телімі ауылдың сыртынан бұйырыпты.

Мұғалімдер де, ауыл басшылары да екі ортаның қашық еместігін алға тартып отыр. Соның өзінде осындай олқылық үшін облыс басшысынан сын естіп қалды. Абырой болғанда, мұнда балалар бір ауысыммен оқиды. Үйінен, көбісі бірге шығады. Мектептен де бірге қайтады. Мұғалімдер де сол жолмен қатынайды.



мұнда тек қазақ тілінде ғана емес, орыс тілінде де жүргізіледі. Жананың аты — жана. Айдалада тұрғанымен, ғимарат көздің жауын алып тұр.

Жергілікті шенділер ауыл ортасында бос жердің болмағанын алға тартып отыр. Сондықтан, мектеп құрылысына

Асқар АҚТІЛЕУ,
Ақтөбе

Мәселе

Соңғы уақыттары әлеуметтік желі мен кейбір сайттар

«Мұнайшылар ереуілге шықты» — деген сарындағы жазылған дүниені көбейтті. Мазмұнына үңілсең, жақтаушы, даттаушы, сол сәтті пайдаланушының ұстанымын байқауға болады. Түптеп келгенде, мұндай келеңсіздіктен жұмыс беруші мен қызметкердің ұтылары хақ. Ал сол сәтті пайдаланушының есебі тура. Бүгінде

СЫНЫҚТЫ СЫЛТАУ ЕТІП...

Маңғыстау өңіріндегі Oil Construction Company компаниясының жұмысшылары Қазақстан тәуелсіз кәсіподақтары конфедерациясының жабылғанына наразы болыпты. Бір қызығы, сол кәсіподақтың басшысы Лариса Харькова Шымкентте арнайы брифинг өткізіп, мұнайшылардың бұл әрекеттің орынсыз екенін айтып, аштық акциясын тоқтатуға шақырды. Себебі мәселе май шаммен қаралып, конфедерациясың жабылатыны сот арқылы шешілген. Оның айтуынша, заңда қойылған талапты орындамағандықтан кәсіподақ жұмысын тоқтатыпты. Сөз соңында Л.Харькова «аштық жариялауға менің еш қатысым жоқ» — деп ат-тонын ала қашты. Сонда бұл мәселенің кәсіподаққа қандай қатысы бар?

СҰРАҚ КӨП, ЖАУАП ЖОҚ

Қызметкер наразылық білдіріп, жұмыс тоқтаса, кәсіпорын шығынға батады. Жалақы түспейді, мамандар қысқартылады. Мәселен, 365 info.kz сайты жазғандай, жоғарыда аталған кәсіпорынның шығыны 2015 жылы 7,8 млрд теңге болса, 2016 жылы 6,3

басым. Дегенмен жұмысшылардың мүддесін қорғаймыз деген Әмин Елеусінов Қазақстан тәуелсіз кәсіподақтары конфедерациясының бөлімшесін ашады. Осы тұста Oil Construction Company кәсіпорынның басшылығы қызметкерінің белсенділігін күп көріп, арнайы кабинет бөлген. Қызықтың көкесі осы кезде басталады. Компания таратқан хабарламаға сәйкес, Елеусінов бірінші кезекте аутсорсинг жүйесі арқылы алынған қызметкерлерді жұмыстан шығаруды талап етеді. Әлі күнге оның нақты себебі түсіндірілмесе де, талап орындалған. Кәсіпорын басшылығы 43 адамды жұмыстан шығарады. Әзірге Елеусіновтің олармен не бөлісе алмай қалғаны белгісіз.

ҚОРҒАУШЫ КІМ?

Енді Ә.Елеусінов бір ойы жүзеге асқан соң, кезекті қадамына кіріседі.

акциясы кәсіподақ офисінде ғана емес, ЖШС-нің аумағында да өтіп жатқандықтан, басқа қызметкерлердің жұмыс істеуіне кедергі туғызған. Жергілікті билік, компания басшылығы, құқық қорғау органдары Елеусіновті бір келісімге келуге шақырды. Алайда бұдан ештене шықпағандықтан, өткізілген наразылық шарасы сотта қаралып, заңсыз деп табылады. Аштық жариялаған 15 адамға айыппұл салынып, кәсіподақ жетекшісі Әмин Елеусінов пен еңбек инспекторы Нұрбек Құшақбаев екі айға қамалды. Артынша шетел қаржыландыратын акпарат құралдары мен әлеуметтік желіде «осы екеуін қолдау мақсатында арнайы орталық құрылды» — деген акпарат шықты. Жергілікті телеарнаның бағдарламасында «Ақтау» және «Жанарту» кәсіподақтарының атынан екі күдіктінің мүддесін

басқа көздеген ойы бар», — дейді Қаражамбас кәсіподағының бұрынғы төрағасы. «Қазақстан — Ақтау» телеарнасының хабарлауынша, ол — бұған дейін де бірнеше акцияға қатысқан. Біз де Ербосын Қосархановқа хабарласып, біраз сұрақтың жауабын білдік.

— **Ербосын мырза, ассалаумағалейкум! «Жас қазақ» республикалық басылымынан мазалап тұр. «Қазақстан — Ақтау» телеарнасына берген сұхбатыңызға қатысты хабарласып тұр едік. Сонда жоғарыда аталған үш азамат наразылық акциясын бірге ұйымдастырған ба?**
— Мен үшеуін де жақсы танимын. Кезінде Мұхтар екеуіне қарсы



Лариса
Харькова

татулығымызды бұзғанын қаламаймын. Аштық жариялап жүрген мұнайшылар бекерден-бекер жұмыссыз қалады.
— Сіз телеарнаға берген сұхбатыңызда біраз жәйттің бетін ашыпсыз. «Сотқа шағымданамын», — деп ешкім хабарласпады ма?
— Сотқа беру үшін де адам дұрыс болу керек. Менің ол туралы жақсы білетінімді түсінеді. Сол үшін соттасатындай жағдайда

емес.
— Егер сіз айтқандай, оның да кінәсі болса неге жауапкершілікке тартылмады?
— Себебі ол заңдық тұрғыда өте сауатты азамат. Мұхтар қылмыстық жауапқа тартылатын, қауіпті жерлерде бой көрсетпейді.
— Айтқан сөзіңізге дәлел келтіретіндей құжатыңыз қолыңызда бар ма?
— Менде жоқ. Бірақ ондай құжаттың бар екенін көрдім. Ол маған берілмеді. Өзіме сенімді болған соң, осылай айтып отырмын.
— **Әнгіменізге рахмет!**

Аштық жариялап, қарсылық білдіргендердің қатарында еріксіз қатысқандардың да бар екені белгілі болды. Ол туралы КТК телеарнасы хабарлады. Тек кейіпкер бетін ашық көрсетпеген. Себебі әлі күнге дейін бәзбіреуден сөскенеді. Ал күдікті ретінде қамалғандардың ісі нақты тергелуде. Әлеуметтік алауыздықты қоздыру біздің елде заңмен жазаланады. Өйткені кез келген қисық талап, қыныр бастаманың ауызбіршілікке сына қағатыны айдан анық.

Елдос
ӨМІРЗАҚҰЛЫ

«Вичат» деген әлеуметтік желі бар. Қытайда кең таралған. Еуропада да пайдаланады. Алтайдың арғы жағындағы ағайындардың дені осы желімен «тыныс алады». Әсіресе, жастар. Димаш ҚұдайбергенOV миллиардты тамсандырғалы бері вичатта маза жоқ.

көршілер тамсанып, тандай қағып отырғанда, өзіміздің ішіміздегі кейбіреулердің оны сыртқа теуіп, керекар пікір айтып жатқаны, шынында, елдігімізге сын болып тұр. Әміренің әнін жалғаған ұлдың өнерінен саясат іздеп, сан-саққа жүгірткендер бір уақ қаршадай ұлдың ұлт үшін де үлгі болып жүргенін неге еске алмайды екен?!

Естеріңізде болса, Ресейде өткен «Славян базары» байқауында кара ормандай орыстың ортасында тұрып осы Димаш қазақша сөйлемеп пе еді. Орыс тілінде алғыс айтуды міндеттесе де, қазақ елінің атынан барған әнші ана тілінде алғыс білдірген. Ұлтын сүйген ұл ана тілінің қадірін аспан асты елінде де аспандатып жатыр. Тілі тез сынбайтын қытайлар Димаштың қазақшасының өзіне майдай еріп жатыр. Оны да біз айтқан вичаттан күнде көріп отырмыз. Не десек те, Димаш қазір қазақтың атын аспандатып жатыр. Дауысына бұлбұл қонақтаған ұлға тілекші болмасак та, балағынан тартпайықшы!

Жарас КЕМЕЛЖАН

қызмет етіп, жұмыстан шығаруға аталысқан. Оны маған Әмин мен Нұрбектің өзі айтқан болатын. Ал қазір менің қолымда бар мәліметке сәйкес үшеуі бірге жұмыс істеген болып тұр.
— Сіз ол туралы мәліметті қайдан білесіз?
— Оны жеке танимын.
— Ол кісі қазір Ақтауда тұра ма?
— Иә. Кезінде біре кәсіподақта жұмыс істедік. Ол туралы біраз адамнан сұрастырып білгенімді айтып отырмын. Менің мақсатым — біреуге жала жабу емес. Бар шындықты айту. Маңғыстаулықтардың оған ермеуін қалаймын. Бірлігімізді,

ЖАҢҒЫРТУ 3.0

Елімізде 2015 жылдың көктемінде Yellow Pages Rule

қағидасын бекітетін заң қабылданды. Сингапур, АҚШ, Люксембург және Норвегия тәжірибесіне сүйеніп енгізілген қағида қарапайым болғанымен, қатаң. Оған сәйкес, жекеменшік кәсіпорындар жұмыс істей алатын салаға мемлекеттің кірісуіне шектеу қойылады. Елбасы халыққа арнаған биылғы Жолдауында осы қағидаға да тоқталып өтті.

Жолдауда айтылғандай, мемлекеттің экономикадағы үлесін жалпы ішкі өнімнің 15 пайызына дейін, яғни Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) елдері деңгейіне дейін төмендету экономикалық өсімге тың серпін беруі тиіс. Бізде мемлекеттің экономикадағы үлесі 70 пайыздан асады. Ал 2014 жылы қабылданған Кешенді жекешелендіру жоспары мемлекеттің ұлттық экономикадағы үлесін жалпы ішкі өнімнің 15 пайызына дейін қысқартуды көздейді. Елбасы өз Жолдауында тізбедегі кәсіпорындарды жекешелендіруді жылдамдатып, бұл істі 2018 жылдың соңына дейін аяқтауға тапсырма берді.

Айта кету керек, жекешелендіру бағдарламасын әзірлеу кезінде Yellow Pages Rule қағидасы әбден зерттелді. Сингапурдегі әйгілі Temasek мемлекеттік холдингі осы бағдарлама шеңберінде жаңғыртуды бастан кешкен. Yellow Pages Rule-ге сәйкес, мемлекет жекеменшік құрылымдар ішінде тым құрыса, бір бәсекелесі

теңгеге сатылды. Бастапқы бағалау құны 145 497 114 804,33 деп белгіленгенін ескерсек, нысандардың құны барынша төмендетіліп сатылғанын көреміз.

2014 жылдан 2016 жылға дейін 475 нысанды жекешелендіру жоспарланды. 2016 жылғы 9 маусымдағы мәлімет бойынша, саудаға шығарылған 460 нысанның 269-ы сатылды (*республикалық меншік бойынша – 19, коммуналдық меншік бойынша – 129, ӘКК – 71, холдингтер бойынша – 50*).

Жекешелендіру нәтижесінде республикалық бюджетке 6 994 млн теңге, облыстық бюджеттерге 4 509 млн теңгеден астам, холдингтерге 67 261 млн теңге, ӘКК-ге 3 452 млн теңге қаржы түсті.

Басқасын қоя тұрып, ұлттық компаниялар мен холдингтердің қанша компаниядан «құтылғанына» тоқталайық. 2014-2020 жж.

«ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИЯСЫ САТЫЛАДЫ

«Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының Kookmin Bank және International Financial Corporation сатып жатқан акцияларын «Цеснабанк» АҚ, «Цесна» Қаржы холдингі» АҚ және Бакытбек Байсейітов сатып алып жатыр. Бұл туралы Tengrinews.kz. KASE сайтына сілтеме жасап хабарлады.

«Бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасының (KASE) ресми тізімінде тұрған «Банк ЦентрКредит» АҚ (Алматы), Қазақстан қор биржасына (KASE), INTERNATIONAL FINANCE CORPORATION және KOOKMIN BANK CO LTD акционерлері «Банк ЦентрКредит» АҚ тиесілі акцияларын сату үшін тиісті сатып алушыларды таңдады деп хабарлады», — делінген хабарламада. Таңдалған сатып алушы ретінде

«Цеснабанк» АҚ, «Цесна» Қаржы холдингі» АҚ және Бакытбек Байсейітов көрсетілген. Енді бұл келісімді ҚР Ұлттық банкі мақұлдауы керек. Иелер ауысымы 2017 жылдың екінші тоқсанында аяқталады деп күтіледі.

Туризм

Елімізде экологиялық және көшпелі туризмді дамытуға мемлекеттен қолдау жоқ.

Туризмнің осы екі бағыты әлемде зор сұранысқа ие. Бұл туралы Қазақстан туристік қауымдастығының директоры Рәшида Шәйкенова Астанада өткен туризмді дамытуға арналған жиында мәлімдеді.

Р. Шәйкенованың пікірінше, туризм заңнамасына өзгеріс пен толықтыру енгізу керек. Ол осы салада уақыт сөзбай, іске кірісу қажеттігін атап өтті.

дейін «Самұрық-Қазына» компаниялар тобындағы «Қазақстан теміржолы», «Самұрық-Энерго», «Тау-кен Самұрық», «Қазпошта», «Әйр Астана» сияқты ірі компанияларды IPO-ға шығару жоспарланып қойды. Дегенмен IPO-ға шығарылатын жеті активтің әрқайсысының жекешелендірілетін акциясы 25%-дан аспайды. Осы жеті компанияның бақылау қоржыны мемлекетке, «Самұрық-Қазына» қорында қалады.

«Самұрық-Қазына» демекші, Елбасы мемлекеттік холдингтер рөлін қайта қарастыру керектігін ескертіп, Үкіметке «Самұрық-Қазына» холдингін сапалы түрде трансформациялау ісін жүзеге асыруды тапсырды. Сонымен бірге «Бәйтерек» және «ҚазАгро» холдингтері де қайта құрылады. Соңғы кезде осы холдингтерге қатысты сын көбейгенін ескерсек, бұл дер кезінде қабылданған шешім деуге негіз бар.

Гүлнар АХМЕТОВА

Иран Биыл 12 жаңа мұнай өңдеу зауытын салуды жоспарлап отыр. Бұл туралы Иран ұлттық мұнай өңдеу және бөлу компаниясының (NIORDS) директорлар кеңесінің мүшесі Арман Мағхамд хабарлады.

Оның айтуынша, қазіргі таңда елде 9 мұнай өңдеу зауыты жалпы қуаты 1,73 млн баррель өнім өндіруде.

БЕНЗИН ИМПОРТЫНАН БАСТАРТПАҚШЫ

Алдағы уақытта SKFGCR зауыты іске қосылып, қуаты тәулігіне 120 мың баррельге жетеді. Trend.az сайты жазғандай, өткен жылдың қараша айында NIORDS атқарушы директоры Аббас Казими Иранда мұнай өңдеу саласы бойынша бірнеше жобаның іске қосылатынын айтқан болатын. Осыған орай биылғы жылдың 20 наурызында Бендер Аббас пен Лауан қаласындағы мұнай өңдеу зауыттары жаңғыртылады. Сол уақытта тағы бір ірі мұнай өңдеу зауыты іске қосылып, күніне 36 млн литр жанармай шығарылады. Осылайша, Иран 2017 жылы соңғы 36 жылда алғашқы рет бензин импортынан бас тартады.



бар сектордан шығады. Сөйтіп мемлекеттік холдинг ел үшін мүлде жаңа салаларды дамытуға күш салады. Кезінде Сингапурда осы қағиданы жүзеге асырғаннан кейін, бұл елдің экономикасы қарыштап алға басты.

2014-2015 жылдары біздің елде де жаппай жекешелендіру мен жаңғыртуды қажет ететін жағдай қалыптасты. Жекеменшік инвесторлардың өз компаниялары арқылы ұлттық экономиканы дамыту мен диверсификациялауға атсалысатын кез жетті. Жекешелендіру бағдарламасының мақсаты — мемлекеттік активтерді бәсекелестік ортаға шығару және жекеменшік инвесторларды тарту есебінен ел экономикасының тиімділігін арттыру. Сатылатын нысандардың көбі аяғынан тік тұрған, жұмысын жемісті жүргізіп келе жатқан кәсіпорындар. Бұл өндірістерді кезінде мемлекет құрып, жоспарлы түрде өркендетті. Өйткені сол кезде бұл шаруа тек мемлекеттің қолынан келді. Ал отандық бизнес өкілдерінің кен ауқымды жобаларды жүргізуге тәжірибесі жеткіліксіз, қаржысы аз еді. Оның үстіне, стратегиялық серіктестер, яғни жекеменшік инвесторлар мемлекеттік кепілдемесіз, өздеріне қолайлы шартпен қаржы ұсынып, жұмыс істеуге дайын болмады. Осы жобалардың көбін жекеменшік сол кезде жүзеге асыра алмайтын еді. Бүгінде бұл компанияларды жекеменшіктің қолына беруге болады.

Жекешелендіру — компания қызметін жақсарту үшін жақсы мүмкіндік. Өйткені сатуға дайындалған компания құрылымын онтайландыру, басқару мен ішкі бақылау жүйесін дамытуға ұмтылады. Бұл сұранысты арттырып, жоғары бағаға саудалау үшін қажет. Ал компанияны сатып алған жаңа қожайын мол табыс табуға мүдделі болғандықтан, оны өрге сүйрейді. Экономикадағы мемлекет үлесінің төмендеуі мен капиталдың ұлттық нарығын дамыту компаниялар арасында бәсекелестікті күшейтеді, іскерлік белсенділігін арттырады. Мұның бәрі еңбек өнімділігі мен еліміздің экономикалық өрлеуіне зор ықпалын тигізетіні сөзсіз.

Әлбетте, бағдарлама қабылдаудан іс бітпейді. Жұмысы жемісті компаниялардың кім көрінгеннің қолына өткізіле салмайтыны және белгілі. Инвестор да сак. Сондықтан 2014 жылы жүзеге асырыла бастаған жекешелендіру нәтижесі әзірге ойдағыдай болмай тұр. Оған дәлел ретінде Қаржы министрлігі жариялаған деректерге үніле кетейік.

2014 жылы басталып, 2020 жылға дейін жалғасатын жекешелендіру шеңберінде 1021 ұсыныс тіркелген. Оның ішінде 282 — ұлттық холдингтердің активі, 168 — ұлттық компаниялар активі. Жекешелендіру барысында ұлттық холдингтердің 69 активі 70 030 865 646,51

арналған сату кестесі бойынша 279 нысан жекешелендірілуі тиіс еді. 9 маусымдағы дерекке сай, жоспарланған 132 нысанның 115 нысаны саудалауға шығарылды. Сатылғаны — 50 нысан.

Бұл жекешелендірудің күткендегідей нәтиже бермегенін көрсетеді. Ықтимал сатып алушыларға бірқатар жеңілдіктер ұсынылды. Соның ішінде нысанның баланс құнын төмендетіп, яғни нарықтағы нақты бағасына сәйкес сатуға рұқсат берілді. Бірақ соған қарамастан, тізбедегі нысандарды сатып алуға асығатын инвестор некен-саяқ. Мұның бірнеше себебі бар.

Біріншіден, дағдарыс жағдайында көптеген ірі компаниялар инвестициялық бағдарламасын қысқартуға мәжбүр болғандықтан, мемлекеттік компанияларды сатып алатындай басы артық қаржысы жоқ. Екіншіден, квазимемлекеттік компаниялардың көбі бюджетке байланып, яғни мемлекеттік құрылымдармен тығыз байланыста жұмыс істейді. Сондықтан олардың табысы мемлекеттік шешімдерге тәуелді. Оның үстіне жекешелендіруге қойылған кәсіпорынның сатып алушы тарапынан жан-жақты зерттелетінін ұмытпау керек. Оның ертенгі күні табыс әкелетін-әкелмейтіні, қарызы, міндеттемесі т.с.с. түгелдей ескеріледі. Сондықтан тиімділігі төмен, болашағы жоқ кәсіпорындар сатылмай қалады. Бұлардың статистиканы бұзғаннан басқа пайдасы жоқ. Жекешелендіру бір жағынан ұзақ жылдар бойы ұлттық холдингтің ішінде әбден «балалап», «немере», «шөбере» боп шұбырып жүрген ұсақ компаниялардан арылуға жағдай жасайды. Өтпей қалған тиімсіз кәсіпорындар жабылады. Президент Жолдауында бұл да айтылды.

Ендігі кезде үкіметтің алдында жекешелендіру мәселесіндегі түйткілдерді шешу міндеті тұр. Орындалу мерзімінің қысқаруы да жағдайды ауырлата түседі. Осы орайда Үкімет басшысы Бакытжан Сағынтаев әр нысан бойынша жекешелендіру мерзімін қайта қарауға нұсқау берді. Бұл ең әуелі облыс әкімдеріне қатысты. Себебі жекешелендірілетін нысандардың 60 пайыздан астамы аймақтардың үлесінде. Өз кезегінде Қаржы министрлігі нысандарды жекенің

қолына өткізу барысын қатаң бақылауы қажет.

Елбасы Жолдауда атап көрсеткендей, мемлекетке қандай маңызды секторларда, қатысу үлесінің қандай мөлшерімен және не қалдырылатынын нақты анықталуы қажет. Табиғи монополиялар, стратегиялық маңызы бар, соның ішінде Трансұлттық компаниялар қатысатын жобаларды іске асыру міндеті, әлбетте, мемлекет еншісінде қалады.

Кешенді жекешелендіру жоспарына сәйкес, 2020 жылға

Импорт



67 ЖЫЛДАН СОҢ АЛҒАШ РЕТ

Сауд Арабиясы кейбір тауар түрлеріне 5 пайыз мөлшерінде қосымша құн салығын енгізбекші. Түркиядағы интернет басылымдарының АРР агенттігіне сүйене отырып, таратқан ақпаратында мұндай шешім қабылдауға мұнай бағасының құлдырауы ықпал еткені айтылды.



Ғаламдық нарыққа «қара алтынды» ең көп жөнелтетін бұл ел өткен жылы Шығанақ елдері ынтымақтастығы кеңесімен тауардың белгілі бір түрлеріне салық төлеу жүйесін енгізу жөнінде уағдаласты. Айта кеткен жөн, үкімет салық төлеуді міндеттейтін жүйеге 67 жылдан соң қайта оралды. Хабарда өткен Сауд Арабиясы бюджетінің тапшылығы быттыр 97 млрд долларға жеткені атап өтілді.

ЖИҺАД ТУРАЛЫ АЙТА БАСТАДЫ

Үйде күнде уағыз айтып, бәрімізді дінге шақыру күйеуімнің әдетіне айналды. Енді ол жиһад, Сирия туралы айта бастады. Үлкен қызына намаз үйретіп, хиджап кигізді. Алаңсыз күліп-ойнап жүрген қыздардың балалық шағы қысымға, қорқыныш пен үрейге ұласты. Дос қыздарымен косылып ойнай алмады, ұялып, жасқаншақ бола бастады. Әкесі олардың қарсылықтарына қарамады, тіпті түсінгісі де келмеді. Оларға катал қарап, ешкіммен араластырмады. «Ән айтап, билеме, сурет салма» деп үйірмеге де қатыстырмады. Қыздар: «Көйлек алып берші» десе, «Хиджап алып берем, басқа киім сұрамаңдар» деп, киім оперуді де қойды. Үйде ұрыс-керіс көбейді. Мен қыздарды өзімше тәрбиелесем, ол кері тартты. Екі ортада басы айналған балалар қор

болды.
«Қазақтың салт-дәстүрін сақтап, дәстүрлі дін — Әбу Ханифа жолын ұстан» дегеніме көнбеді...

«СИРИЯҒА КӨШЕЙІК...»

Бір күні «Сирияға көшейік, ол жақта бәрі керемет» деп ақылға сыймайтын үгітін айта бастады. «Соғыс болып жатқан жерде бәрі керемет болуы мүмкін емес, ол не қылған батпан күйрек? Өз елімнен кетпеймін» деп көнбедім. Енді ол үлкен қызымды үгіттей бастады. Қызым: «Мама Сирияда бәрі жақсы дейді ғой, неге келіспейсіз?» — деді. «Әкене сенбе, теледидардан жаңалықтарды қара, ол жақта әкең айтқандай жақсы емес» — деп түсіндірдім.

Алмасбай енді ватсаптан келген бейне-роликтерді көрсете бастады. Ол бір сұмдық болатын. Сирияға соғысқа шақыру, жиһадқа үгіттеу... Енді оның бар ойы Сирия мен жиһад болды. «Бұл дүниеде маған ештеңе де қажет емес, жиһадқа қатысып, жұмакқа барғым келеді» — деді. «Балаларыңды жақсы тәрбиелеп, оқытып, тұрмысқа берсең, жәннатқа барасың» деген сөзіме құлақ та аспады.

Бір күні ол: «Адамдар аяқ астынан жоғалып кетіп жатыр. Бір Алла біледі, менің де жоғалып кетуім мүмкін» деді. «Маған сенбе, жұмыс ізде» деп мені алдын ала дайындап жүрді. Өтірікті көп айтатын болды.

Тұңғыш қызымыз мектеп бітіргенде үйде үлкен айқай-шу болды. Қызымызды мектеп бітіру кешіне қатыстырмады. «Әрі қарай оқимайсың. Тұрмысқа шығасың» деп кесіп айтты. 2015 жылдың 8-ші наурызы мен үшін Әйел заңының мерекесі емес, нағыз қасіретті күн болды. Сол күні Алмасбай мектеп бітірген қызымызды бір жігітке өз қолымен апарып берді. Өз қызына өзі жетпейтін болды. Сорлы қызым бітім алып, жастық шағын жарқылдап өткізе алмады. Өзі танымайтын адамға телініп, жылай-жылай кете барды...

«Қайда барам, кім көмек береді?» деген оймен қатты шаршап кеттім. Ажырасу туралы ойға бардым. Бірақ балаларды тірі жетім еткім келмеді. «Не болса да шыдайын, мүмкін түсінер, өзгерер» деп күттім. Бірақ өкінішке қарай, уақыт өте ол мүлдем басқа адамға айналды. Бір күні «Бізден бөлек тұршы, балалардың санасын улама, балаларға өзім жауап беремін, үш ай бөлек тұрайық, еш нәтиже шықпаса, ажырасайық» дедім. Бөлек тұрсақ, ойланар деп ойладым.

Айқай-шусыз, сабырмен, барлық киімін жуып, ылдыс-аяғын, төсегін беріп шығарып салдым. Балаларына келіп, анда-санда тамақ әкеліп тұрды. Үйге қонбайтын, 15-20 минутқа кіріп шығатын. Кәрімолла (*есімі өзгертілді*) ахи машинасымен алып келіп, күтіп тұрып, алып кететін. Соңғы келгенінде ол: « Бізге енді телефонмен де, көзбе-көз де сөйлесуге, бір-бірімізді көруге болмайды» деді. Бізді

ажырастыру үшін «ахилары» күнде бір өзгеріс енгізіп отырды. Арада біраз уақыт өткенде сол Кәрімолла ахидың өгей қызына үйленіпті...

«СЕН МҰСЫЛМАН
ЕМЕССІҢ»

Жасырын неке менің ойымша — зинақорлық. Біз заңмен ажыраспадық, талақ та бермеді. «Неге талақ бермейсің?» десем, «Саған талақ жүрмейді, сен харамсың, себебі мұсылман емессің» деді. «Намаз оқы, дінді қабылда. Менімен ажыраспайсың, алимент төлемеймін, ешкімге тұрмысқа шықпайсың. Намаз оқысаң ғана қайтып ораламын. Сонда иншаллаһ бәрі жақсы болады» деп шарт қойды. Біз заңды некеге тұрғанбыз әрі мешітте неке кидырағанбыз.

www.jasqazaq.kz

ұстап, телефон нөмірлерін жиі ауыстырып, ғаламтор арқылы бір-бірімен хабарласып отырады. Діни сауатсыз адамдарды оңаша үйге жинап немесе әлеуметтік желілер арқылы уағыздап, әр түрлі бейне-роликтер көрсетіп, өздеріне тартады, соңында Сирияға баруға үгіттейді. Діни сауатсыздықтың үстіне мешітте



Алмасбай: «Екінші әйеліммен ажыраспаймын, оған неке қиып үйлендім, онымен ажырасу күнә» деді. Ол әйел өздерінің жамағатынан екен. Сонда мен кіммін? Бір адаммен некесін бұзбай тұрып, екінші адаммен үйленуге болады деген заң бар ма? Екінші әйелді бірінші әйелінің ризашылығымен алу керек емес пе?

«Сен мұсылман емессің» дегені жанымға қатты батты. Жаман әдеттермен ісім жоқ, балаларыма қарап үйде отырамын. Сонда өз әйелі де өзіне харам болғаны ма? Харам әйелден туған өзінің қаны балалары кім сонда? Мен өзімнің әйелдік құқымы және балаларымның құқықтарын қорғағым келді. Ар-намысымды таптанғым келмеді. Күйеуім осы үйдің ыстық-суығына көнген жылдарымды бағаламағаны ма? Мен шыдармын, көнермін бәріне. Көздері жоудіреген балаларын неге ойламайды? Отбасы жауапкершілігі қайда? Әкелік парызын неге орындамайды? Бұл сұрақтардың жауабын да таптым көп кешікпей.

Сөйтсем, Алмасбай өз жамағатындағы басшыларды, қатар жүрген «ахиларды» ғана тыңдап, айтқанымен жүреді екен. Жалпы исламның теріс бағытын ұстанған адамның бәрі робот сияқты. Басшысы қай тетікті басалды, санасы ұланған сорлы соны бұлжытпай орындайды екен. Алмасбай досқа адал, өзіне жақсылық жасаған адамға жақсылықты екі есе қылып қайтарғысы келетін аккөніл, сенгіш жігіт. Бірақ кітап оқымайды, ізденбейді, діни сауатсыз. Адасуына басты себеп — иінің жұмсақ болғаны әрі осы сауатсыздығы еді.

ҚЫЗИМНЫҢ ТАҒДЫРЫНА
АЛАҢДАЙМЫН...

Менің білгенім, олар есімдерін өзгертіп, жасырын

қарауытып, құлап қалдым. Өрімдей төрт балам ұлардай шулап, ауылдық емхананың

дәрігерлерін ертіп келіпті. Дәрігерлер мені ары қарап — бері қарап, диагноз қоя алмай, есімді жиған соң: «Қан қысымыңыз түсіп кетіпті» — деп, укол салып, дәрі беріп кетті. Бірақ ауруым күн санап ауырлай берді, ауырлай берді.

Балаларым жас. Оның үстіне жолдасым жол апатынан қайтыс болған. Бір үйлі жанның жалғыз асыраушысы — жалғыз өзім, жесір әйелмін. Неге екенін білмеймін, жұрт бір күнде бірнеше дәрігерге қаралып үлгерсе, мен Алматының басынан аяғына шапқылап, әбден тоздым. Өйткені, мені бір емхананың бас дәрігері анда — бір, мұнда — бір жіберіп, қалтамды әбден қакты.

Ауылдан қалаға күн сайын келіп, аурухана жағалаудың азабын тартқан кісі болса, мендей-ақ шығар?! 70 шақырым қашықтықтан Алматыға күнде келем. Жолым мен тамағымға кеткен ақшама ішім ашилы. Сонда 10 күн бойы жүгіріп жүріп толық тексеруден өтіп, басымды томографияға әрен түсірдім. Қанша ақша, қанша уақытымның босқа кеткенін ойласам, шынымды айтайын, дәрігерлерді іттей жек көріп кетем. Неге дейсіз ғой? Бірінші күні кірген бас дәрігер орынбасарына сілтеді. Ол бір көмекшісіне жетектетіп жіберді. Көзі алақ-жұлақ еткен көмекшісі қыз: «Басыңызды томографияға түсіріп келіңіз» — деп бір тілім қағаз жазып, Алматының бір басына шаптырды. Томографияның қағаздарын көтеріп келіп едім, «Енді жалпы тексеруден өтуіңіз керек. Ол үшін мына жерде зертхана бар. Қан, нессебіңізді сонда өткізіңіз. Басқа жерге баруға болмайды», — деп тағы бір қуысқа қуды. Оған екі күнім кетті. Оны әкеліп едім, «Жүрегіңізде ақау болуы мүмкін. Басқасының бәрі «жұмыс жасап тұр» — деп, Алматының шеткі аудандарының бірінде орналасқан жертөлгеге тықты.

Жүрегімді қарайтын кісі ұйықтап отыр екен. Есігін қағып кіріп барып едім, көзін уқалап, басын әрен көтерді. Өзі отызға таяп қалған толық сары қыз екен. «Ой, Ләззат апай, саламетсіз бе?» — деп мені бас салды. Шынымды айтайын, оны

имамды тыңдамау, Сирияда, әлемде не боп жатқанын газеттен оқып, теледидардан қарамау, оларды одан сайын батпаққа батыра береді. Алмасбай да осы соқыр сенімнің құрбаны болды. 2014 жылы сәуір айында Сирияға жасырын қашып бара жатқан жерінде Қырғызстан елінде ұсталды. Қасында некелі жары — менің рұқсатымсыз үйленген әйелінің өгей әкесі болған.

Мен — Анамын, өмір сыйлаушымын. Іштен шыққан перзентімді қорғап, басқаруға толық құқығым бар. Сол балаларымның әкесі, отбасының қорғаны, жан жарымды, жат ағымнан арашалап қалу үшін аз арпалысқан жоқпын. Алланың алдында да, азаматым мен ағайынның алдында да арым таза деп ойлаймын. Сүйіп қосылған жан жарым жанымды жаралады, сүттей ұйып отырған шаңырағымызды шайқалтты. Балалардың жүрегіне өшпестей келенке түсірді. Болашағымыз қалай болады? Күні бүгін мені әйел, ана ретінде сан сұрақтар мазалайды. Үлкен қызымның тағдырына қатты алаңдаймын... Алла маған қуат бергей! Мен сияқты сергелденде жүрген аналарға айтарым, жарты жолда шаршап, бүгілмендер! Бірігіп күресейік, бұл індетпен! Балаларымыз үшін күресейік!

Ұлдай САРИЕВА,
«Дүрбі» газетінің Бас редакторы



ҚАНША ТҰРАДЫ?

таныған жоқпын. Сонда да сыр білдіргім келмей амандасып жатырмын.

— «Ләззат апай, амансыз ба? Ой, сізді көрмегелі қанша болды? Ұлдарыңыз жігіт болған шығар? Төреш ағам тракторын айдап жүр ме?» — деп бала-шағамды, қайтыс болған жолдасымды да сұрап қоялды. Шөлдеп, шаршап келіп едім, бәріне бас шұлғыдым да, арқалығы бар аласа орындыққа жантая кеттім. Сары қыз су әкеліп берді. Сонан соң «Мені танымай отырсыз-ау деймін» — деп қарсы алдыма келіп тізе бүкті. Жасыраң жоқпын. Ұмытып қалғанымды айтып, кешірім сұралды. «Мен Динамын ғой. Төреш ағаның қарындасы Гүлімнің құрбысы. Семейлің қызы. Есіңізде шығар, студент кезімде қолыңыздан талай дәм татып едім» — деп өзін таныстырып жатыр. Сонда ғана елес келе бастады. Қайын сіңлімнің Есік қаласындағы медициналық колледжде бірге оқыған құрбысы болып еді. Сол екен. Өзінің менімен жерлестігі бар еді. Сіңлімдей көруші-ем. Туысымды тапқандай бас салдым. Тіпті көз жасымға не бола алмай қалдым. Өткен-кеткенді айтып: Талдықорғанға күйеуге шығып кеткен Гүлімнің хабарын, жолдасымның қазасын, өзімнің ауруымды айтып көз жасымды сығып-сығып алдым. Бәрін тыңдап болған соң, сары қыз орнынан тұрды да, терезенің алдында тұрған ұялы телефонын алып, біреуге қоңырау шала бастады.

«Аға, Ләззат Серікбаева деген әйелді танысыз ба?» — деді бірден. Арғы жақтағы кісі бірдеме деді. Бұл да сұрап жатыр. Екеуі ұзақ сөйлесті...

Лаң

Ауғанстанда ұсталған лаңкес Атырау облысының тұмасы болып шықты. Бұл туралы ресми орындар хабарлады.

Лаңкестік әрекетке қатысы бар деген күдікпен ұсталған Дәмір Зінолиев 1989 жылы туған. Ауғанстанның Сары-Пул провинциясында

прокуратурасы мен жергілікті әкімдік ғимараты маңында жарылыс жасады. Нәтижесінде ұйымдастырушы лаңкестердің бірі көз жұмды. Күні бүгінде Дәмір Зінолиев еліміздің құқық қорғау органдары террористік шабуыл жасау мақсатында қылмыстық топ құрғаны үшін айыптап отыр. Әзірге оның Ауғанстан аумағына қандай жолмен өтіп кеткені белгісіз.

Айта кетейік, үстіміздегі жылдың 19 қаңтары күні Ауғанстанның құқық қорғау қызметі Қазақстан мен

АУҒАНСТАНДА
ҚОЛҒА ТҮСТІ

қолға түскен радикал халықаралық іздеуде жүрген отандастарымыздың бірі. Күні бүгінде құзырлы органдар оны елімізге экстрадициялау мәселесімен айналысып жатыр.

Дәмір Зінолиевтің өмірбаяны қызықты деректен тұрады. Қолға түскенге дейін ол Пәкістан территориясында орналасқан Уәзиристан жерінде қарулы қактығыстарға қатысқан. Террористік сипаттағы «Әл Қаида» ұйымының құрамында НАТО әскерлеріне қарсы соғысып келген Дәмір белгілі бір денгейде Атырауда да танымал.

Бізде бар деректер былай сөйлейді. Ол 2011 жылдың қыркүйегінде интернет байланыстың көмегімен террористік бағыттағы топ құрады. Атыраудың бірнеше жігітін жинақтап, ел аумағында лаңкестік актілерді ұйымдастыруды жоспарлайды. Топтың құрамында Б. Сұлтанғалиев бастаған бірнеше содыр болған. Қылмыстық топ Алматыдағы бірқатар әкімшілік ғимараттарды жарып жіберуді жоспарлайды. Олар көздеген нысандар қатарында ресми мекемелердің ғимараттары болды. Абырой болғанда, ұйымның бірінші терактісі іске аспады. Консулдық ғимаратына қойылған қолдан жасалған бомба жарылмай қалды.

Кейін олар Атырау облыстық

Бірде бұнын,

бірде оның дауысы қатты-қатты шығып жатты. Мен ыстық күнде әбден шаршаған екем, көзімді жұмып, әңгімелерін бұзғым келмей, қалжырап, қалғып кетіпін.

Олардың әңгімелері мен хақында болып жатқаны анық. Бір кезде Динаның дауысы қатты шығып кетті. «Серікбаева — менің апайым болады. Сіздер оны неге ары-бері сандалтып жүрсіздер? Менің апайым майшелпек емес» — деді де телефонды қоя салды. Басымды көтердім. Ешнәрсе түсінбей, көзім аларып, сары қыздың бетіне белірейдім де қалдым.

«Бұлар «бұға берсе, сұға береді». «Дәніккеннен құныққан жаман» деген — осы. Күйеуі жоқ, көпбалалы — жалғызбасты әйел-ау деп жаны да ашымайды» — деп өзімен-өзі бүркырап жатыр. Содан Динаны тоқтатып алып, мән-жайды толық сұрадым. Сары қыз бір минуттай үнсіз отырды да: «Апай, осы уақытқа дейін кеткен ақшанызды аласыз. Сосын біздің емханада жатып, тегін емделесіз. Мен шынықтық айтамын, бірақ сіз оны тісіңізден шығармайсыз» — деп екі қолымды алып, өзінің бетіне басты. «Айтпа» дегенің не? Жаман аурумен ауырамын ба? Жасырмашы, айналайын» — дедім денем тұрып. Қатты қорқып кеттім.

— «Жоқ, апай, сізде ешқандай ауру жоқ. Әлсіздік, қан аздық».

— Соған бола жарты сағат айқайластыңдар ма? Неге ұрсып жатырсыңдар? — дедім мен мән-жайға әлі де қаныға алмай.

«Әңгіме былай» — деді Дина. «Біздің бас дәрігердің қаланың бірнеше жерінде жекеменшік зертхана, емхана, тіпті дәріханалары бар. Алдына барған кісіден ақша «сындырып» қалу үшін, дертіне шипа іздеп барған кісіні ары-бері сандалтады. Өзінің зертханасына жіберіп, анализ тапсыртады. Сосын өзінің емханасына жіберіп қаратады. Ең соңында өзінің дәріханасынан дәрі алдырады» — деп қысқа қайырды.

— Онiкi зансыздық қой — дедiм, ашуым алқымымды қысып. Аузыма түскен сөзімнің бары осы. Дина болса: «Иә, Ләззат апай, біздің бастық сөйтіп «сауда» істеп отыр. Мен бір бизнесін жүргізіп отырмын» — деп төмен қарады. Кінәлі жандай үстелінің бетін шұқиды...

Уәде-уәде! Мен әлгі бас дәрігердің былығын ашпауға серт бердім. Олар мені тегін емдеді. Осы күні аурудан құлаң-таза айықсам да, сол күннен бастап бойымды бір жаман дерт жайлап алғандай. Ол — бас дәрігердің «бизнесін» жасырып-жауып отырғаным. Соны өзіме үлкен қылмыс санап жүрген едім, сендерге айтып жөнеліп қалдым.

Жарас ШӨКЕ
(Кейіпкердің аты-жөні өзгертіліп алынды)



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

КӨКЕЙКЕСТІ

Түйткіл

Түйсіксіз ан-құс, хайуан да өз төлінен безінбейді.

Бұғанасы бекіп, қанаты қатқанша асырап өсіреді, тіпті тәрбиелейді. Ал саналы адамдардың арасында өздері дүниеге әкелген балаларынан безу, сәбилерді тағдыр тәлкегіне тастап, қарақан бастарын күйттеп кету – жылдан-жылға белең алып барады. Алимент төлеу жайы бүгінде мемлекеттік деңгейде көтерілетін өзекті мәселе болып отыр. Өзектерін жарып шыққан өз балаларын асыраудан қашып жүрген «көкек әкелер» қатары көбейіп кетті.

Ақмола облысында бүгінгі күні 11 мыңдай бүлдіршінге алимент бойынша әкелердің қарызы жарты миллиард теңгеден асып кетіпті. Олардың арасында алиментті мүлдем төлемейтіндер аз емес. Осы орайда, алиментті өндіру сот орындаушылары мен құқық қызметкерлерінің бас ауруына айналып отыр. Рас, маскүнем болып кеткендер немесе екі қолға бір күрек таппай жұмыссыз жүргендер алимент төлей алмасы белгілі. Мұндайлармен сот орындаушылары қанша жұмыс жүргізсе де ештеңе шықпасы анық. Бірақ алимент төлемей борышқа батқандардың бәрі маскүнемдер мен жұмыссыздар емес. Олардың арасында тұрақты жұмысы барлар, кәсіпкерлер, тіпті лауазымды тұлғалар да кездеседі екен. Олардың алименттен жалтаруы тұрмыс тауқыметінен, жоқшылықтан болып отырмағаны кім-кімге де түсінікті. Тіпті алимент төлегісі келмей жұмыс берушімен келісіп, ақшаның көп бөлігін қолма-қол алып жүретіндер де бар, — дейді Көкшетау қаласының прокуроры Арман Ризанов. Өз балаларының аузынан жырып алып пайдаланған ақша мұндай «әкелерді» қаншалықты ұшпақша шығарар дейсіз.

Жылдан-жылға өсіп бара жатқан алимент қарызы мәселесін қалай шешуге болады? Көкшетау қаласының прокуроры Арман Ризановтың айтуынша, алимент бойынша қарыз көлемінің жыл санап артуына ең алдымен, сот орындаушыларының өз жұмыстарын дұрыс атқармауы себеп болып отырғанға ұқсайды. Осы мәселені тексеру мақсатында қала прокуроры арнайы бес қызметкерді бөліп, сот орындаушыларының қоржынында жатқан 1640 істі анықтап көріпті. Сонда мына жай белгілі болған: алимент төлемейтіндердің 700-і жұмыс істейді және тұрақты жалақылары бар екен, 113 адам көрсетілген мекенжайда тұрмайтын болып шыққан, 153 борышкер басқа облыстың аумағына көшіп кеткен, яғни олардың ісімен сол өздері тұрып жатқан аймақтын сот орындаушылары айналысуы қажет. Сорақысы сол, сот орындаушыларының папкасында

жатқан 105 іске қатысты борышкер әлдеқашан бұл дүниеден өтіп кеткен болып шықты. Өлгендердің ісі қысқартылуы тиіс болса да, ол сот орындаушыларының папкасында шаң басып жата берген.

Тұрақты жұмысы, жалақысы бар 700 ата-ананы сот орындаушысы өз құзыреті шеңберінде неге жауапкершілікке тартып, алимент қарызын өндірмейді? Сот орындаушысына заң жүзінде кең құзырет берілген. Олар борышкердің мүлкін тәркілеп, есепшотын жауып тастаудан бастап, шетелге шығуына тыйым салуға дейінгі шараларды қолдана алады.

Мәселен, Астрахан ауданында тұратын В.Салчиков деген азамат ажырасқан әйелімен бірге тұратын екі баласы үшін көп уақыттан бері алимент төлемей, қарыз мөлшері 500 мың теңгеге жеткен. Содан сот орындаушысы оның үстінен қылмыстық іс қозғаған. Сол-ақ екен борышкер азамат екі күннің ішінде 500 мың теңге қарызын жабады. Сонша қарызды екі күнде жабуға шамасы жеткен адамның өз балалары үшін әлденеше айлап алимент

Қымбат қара көліктен түскен жігіттің телефон арқылы келіскен кейіпкерім екенін бірден түсіндім. Өзі сәнді киінген, бойшаң, қазіргі заманның серісі іспеттес. Есімі – Ерік. Жасы 33-те. Мамандығы – заңгер. Қазір кәсіпкер. Ерік көңіліне жаққан, жүрегін жаулаған бойжеткенді іздеп жүр. Көйлегі көк, қарны тоқ, сымбатты серінің нәліктен бойдақ жүргенін сұрадым. Жауабы төмендегідей болды.

Мұндай да болады

— Қазір маған кеңес беретіндер көп. Көбісі әлемі, білімді, үй шаруасына пәйсық, инабатты қызды көрсе, соған үйленгенімді қалайды. Бірақ менің оны жүрегім қаламаса не істеймін? Бір жағынан мен танысқан бойжеткендерді мен емес, менің дүние-мүлкім қызықтыратыны қыңжылтады. Екі кездесуден кейін олардың әңгімесінен жалығып кетемін. Көңілім тез суып кетеді. Мен 21 жасымда бір аруағ ессіз ғашық болдым. Өкінішке қарай, ол аруағ үйленгеніме отбасым қарсы шықты. Себебі өзге ұлттың қызы болатын. Ғашығыма үйдегілердің келін болғанын қаламағанын айтып, жүрегін жаралағым келмеді. Керісінше арамыздағы ғашықтықтан құтылу үшін кездесуге сирек барып, оның сезімін сейілтуге тырыстым. Қызметте жүріп, талай қызбен таныстым. Бірақ болашақ жарым болуға лайықты жанды кездестірмедім. Бос уақытым аз. Отбасын құруды ойласам, небір ойлардан басым айналып кетеді. Ерікке әпкелері, жөңгелері, тіпті достары 5 жылдан бері қалыңдық іздеуін тоқтатпаған. Алматыдағы «Танысу» агенттігінің басшысы Әсем Әлмұрзиева да миллионер жігіттерге қалыңдық іздеп жүр. Оның қызметіне жүгініп, көмек сұрайтын бөріктілердің жасы әртүрлі. 30 жастан асқан, тіпті 50 жасты еңсергендері де бар. Танысу агенттіктерінің табалдырығын тозырып жүрген қалталы жігіттердің арасында теңін тапқандары да бар екен. Әлия Әлмұрзиеваның айтуынша, агенттікке келгендер өздері жайлы мәліметін құпия қалатынына сенеді. Ол «Көп қыздың арманы болған миллионер жігіттер қандай жар іздейді? Бойы 1 м 75 см, шашы ұзын, аққұба, нәзік, өте сұлу десеніз, қателессіз. Олардың талғамы әртүрлі. Кейбірі қыздың пәк болғанын, кейбірі денесінің талдырмаш, енді бірі етженді болғанын сұрайды.

Сондықтан агенттікке келген бойдақтың мінезі, киімі үлгісі, жүрісі, сөйлеген сөзін, қандай алам екенін білу үшін мен әбден зерттеймін. Яғни онымен екі-үш рет кездесуден кейін оған лайықты жар іздеймін. Танысу кешін ұйымдастырамыз. Өкінішке қарай, бізде жігіттің алдында сөйлеуге, өзін-өзі ұстауға, еркелеуге үйрететін оқу орны жоқ. Күйеуге шығу, әсіресе қалталы жігіттердің жүрегін жаулау, көңілінен, талап үдесінен шығу да оңай шаруа емес. Небір ауызға үріп салатындай, жоғары

талғаммен сәнді киінетін қыздарды емес қалталы жігіттер аса көрікті емес, өте қарапайым бойжеткендерді таңдағанда өзім де таңданамын. Жар таңдауға келгендердің талабы ғана емес, талғамы, түсінігі, нені қалайтынын білу үшін ішкі-жан дүниесіне терен үнілеміз. Кейбір күйеу іздеген қыздар қалталы жігітпен кездескенде өзін мінсіз әйел ретінде көрсетуге тырысып, жасандылығы әшкереленіп, сынақтан өтпей қалады. Сондықтан қалталы жігітке дәл мынадай әйел керек деп, дөп басып

төлемейінің себебі неде? Мұның астарында ең алдымен, қайырымдылық, жауапкершілік сияқты адами қасиеттердің жоқтығы жатқаны анық. Қылмыстық іс ашылған сәтте содан қорқып, қарызын екі күнде жапқан әкенің жүрегінде өзі дүниеге әкелген сәбилеріне деген әкелік сүйіспеншілік, мейірім сезімдерінің жоқтығы көрініп тұрғандай.

Қала прокурорының айтуынша, алимент қарызына батқандардың арасында лауазымды қызмет істейтіндер мен қалталы бизнесмендер де бар. Жұмысы жоқтықтан немесе тұрмысы төмендіктен, алимент төлеуге шамасы жетпей жүргендерді түсінуге болар, ал бақуатты осындай азаматтардың өз балаларын ашқұрсак қалдырып, қарақан бастарын күйттеп

Өткен жылы ма екен, жоқ, әлде одан арғы жылы ма, әйтеуір сол бір сурет жадымда жатталып қалыпты. Ұмытпасам, сарша тамыз болатын. Құс балапаны қанаттанып, талпынатын уақыт. Терезеден қарасам, көгершіннің балапаны үлкен жолдың бойында қос қанатын рабайсыз қағып, ұша алмай шарқ ұрып жатыр екен. Жол үстінен іліп әкеткісі келген қос көгершін балапанын тырнағына іліктіре алмай әуре. Ерлісі-қарсылы ағылған көп машина. Тоқтаусыз өтіп жатыр. Жазықсыз жан иесі ғой. Жол үстінен алып тастағым келді. Мен үйден шыққанша балапанды әлдебір машина басып кетіпті. Жалғыз өзін ғана емес, құтқаруға келген ата-анасымен қоса. Ішім уылжып кетті. Қос көгершін балапаны үшін өз бастарын қатерге тігіп, опат болды.

АХАЖ мәліметіне назар салсақ, бүгінгі күні ажырасушылар саны үйленгендердің 60 пайызынан асыпты. Яғни әрбір екінші жұп ажырасады деген сөз. Олардың көбеюі алимент төлеушілер санының өсуіне, осыған орай жетім балалар қатарының артуына ықпалын тигізіп отырғаны белгілі.

Ажырасушылардың дені үйленгеніне бір жыл болмаған жастар екен. Яғни жастарымыз отау құрып, отбасы болуға дайын емес деген сөз. Бұған тұрмыстағы қиындықтардан бөлек, психологиялық жағынан жастарымыздың отбасылық өмірге дайын еместігі, жауапкершілік, төзімділік, байыптылық сияқты отбасылық өмірге қажетті қасиеттердің бойында бола бермеуі де әсерін тигізіп отырғанға ұқсайды. Облыстық ішкі істер департаментінің мәліметінше, өткен жылы отбасында зорлық-зомбылық көрген 1330 әйел полицияға шағымданған. Отбасындағы зомбылық бүгінде отбасының ауқымынан шығып, мемлекеттік өзекті мәселеге айналып отыр. Мұндай отбасыларының әдетте түптің түбінде шаңырағы шайқалып жататыны белгілі.

жүргендерін қалай түсіндіруге болады?

Прокуратура ардагерлері кеңесінің мүшесі Оңғар Сүлейменов алимент төлеуден жалтарып жүрген «көкек әкелерді» ақпарат құралдары арқылы жұртшылыққа жариялау қажет деп санайды. Суретімен әлгіндей борышкерлерді баспасөзде жариялап, теледидардан берсе, бетінде қытығы болса, ел-жұрттан ұялып, мұндай қылықтан бас тартар еді, — дейді ардагер. Мұның қаншалықты жемісті боларын кім білсін? Дегенмен қатары күн санап өсіп бара жатқан борышкерлерді тезге салудың бір тәсілі ретінде пайдалануға болар, бәлкім.

Статистикалық мәліметтерге жүгінер болсақ, алимент төлеушілер қатары жыл санап өсіп бара жатқанға ұқсайды. Алимент қарызы көлемінің өсуіне борышкерлердің көптігі ғана емес, алимент төлейтіндер қатарының өсуі де әсер етіп отырғаны анық.

Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы



ЖІГІТТІ ҚЫЗДАН КӨП ДЕЙДІ...

айта алмаймын. Дегенмен олардың жар таңдағанда өте сак, көңілі қалаған қыз жайлы көбірек мәлімет білгісі келетін, талапшыл екенін аңғардым», — дейді. Ал демограф Әзімбай Ғалидін болжауынша, елімізде 30 жасқа дейінгі үйленбеген жігіттердің саны қыздардан әлдеқайда көп. Сондай-ақ демограф бойдақтардың отау құруға асықпауының бірнеше себебін былай түсіндіреді. Оның айтуынша, қыздың саны көп, бөріктілер жетпейді деген бекер сөз. Некелесуден, әсіресе дәулетті жігіттер қорқалы екен. Ә.Ғали «Себебі қазіргі таңда біздің заң әйелдер жағында.

Мысалы, бойжеткен тұрмысқа шығады, ажырасқан жағдайда оның шығындарын отағасының мойнына іліп, өтеуге міндеттейді. Ал ерлі-зайыптылардың арасында баласы болса, бұл еркек үшін даулы мәселе. Ол әйелінің рұқсатынсыз өз баласымен көрісу құқығынан айырылады», — деп ойын түйіндеді. Психологтардың пікірінше, қалталы жігіттердің үйленуге асықпауының себебі жеке өмірін өзгертіп, алаңсыз күнделікті тіршілігінің тыныштығын бұзып,тәуекелге бел бууға жүрексінуі.

Алматы қалалық наркологиялық медико-әлеуметтік сауықтыру орталығының психологы Айжан Нұржауова бұл мәселеге қатысты өз пікірін былай білдірді:

— Қалталы жігіттер неге сұрбойдақ? Бұл санаттағы жігіттер өзінің болашақ жөбуайына шектен тыс талап қояды. Өзінің қойған талабына қайта-қайта көзі жетіп, соғында бойжеткендерден іргесін аулақ ұстауға тырысады. Екіншіден, әлеуметтік-материалдық жағдай себеп болуы мүмкін. Жігіт тұрмысын түзеймін деп жүріп уақыт өткізіп алады. Әлгі бейнеттің зейнетін көретін шақта үйленіп, әйелі, бала-шағасын бағу секілді жауапкершілікті арқалауға мойны жар бермейді. Тыныштыққа бойы үйренген адамға өзінің ішкі жан дүниесінің қалауынан тыс шешім қабылдау оңай емес. Сондықтан миллионер ғана емес, барлық сұрбойдақтардың да, кәрі қыздарды отау құрудан қашақтауының бір себебі осы. Психологиялық ерекшеліктер де әсер етеді. Бәлкім, жігіт ұяң шығар. Мұндай типтегі бойдаққа туыс, достары араға түсіп, қалыңдық тауып бермесе, өмір бойы сұрбойдақ болып өтуі мүмкін.

Психологтар айы онынан туып, дәулетті жігітін жары болған қыздарға бақытты әйел болу үшін әлі де кез келген тұтқиылдан, тосын болатын отбасындағы киікшілдерге психологиялық тұрғыда дайын болу керектігін ескертеді. Соған қарағанда кейіпкеріміз Еріктің мәселесі тек өмірлік жар табумен шешілмейтін сынайлы.

Жазира БЕҒАЛЫ,
журналист

Қисық мәтін

Қолыма қалам алуыма теледидардан көрсеткен бір спорттық бағдарлама түрткі болды. Күнделікті күйбең тірлікте үйдегі көк жәшікті қарауға уақыт таппайтынымыз рас. Дегенмен, ұлттық намыс сынға түсіп жатқан додаға құлақ түрмеу мүмкін емес еді. Әлқисса, айтатын ойымызға оралайық. Спорттық шараны дүйім халыққа хабарлап жатқан әріптесімнің аяқ асты «шын ғашықтық» туралы шырылдап қоя бермесі бар ма? Құдай-ау, спорт пен шын ғашықтықтың қандай қатысы бар еді? Елең еттік. Шын ғашықтық туралы бірнеше қайталағаннан кейін ұққанымыз – журналист әріптесіміз спортшылардың шыңға шыққанын айтып тұр екен ғой..

...Жалпы қазір теледидар болсын, радио болсын, Н әрпін айтпау үрдіске айналып барады. Тілінің аздап мүкістігі бар адамдарға ештеңе емес-ау, кәдімгі кәсіби тілшілердің жаппай Н-ды айта алмауына не себеп?!

...Студентпіз. Ақтөбенің журналистикасын бітіргендер түсінеді, Аманғали Сәтер деген ағайымыз болатын. Марқұм семестр бойы жылы жымылып жүріп, сессия кезінде шөміштен қысып, алқымнан алатын. Тапсырған мақаланнан бір әріп қате кетсе, бір сөз өз орнымен жазылмаса, бір үтір артық қойылса, бітті. Сессиядан құладым дей бер. Сынақты қайта тапсыру үшін алатын тапсырмаң — очерк жазу немесе тобындағы бір студенттің имиджін жазуын керек. «Осы очерк, имидж, фельетон деген не үшін керек?» деп ішімізден бұрқ-сарқ қайнап

алғанмен, амал жоқ. Сынақ тапсыру үшін не істемейсің? Амалсыз очерк, имидж, фельетон жанрларын бағындыруға кірісетін ек...

Мұның бәрін айтып отырған себебім, сол марқұм ағайымыздың қаттылығынан фельетон, очерк, имидждік мақала, сұхбат, сараптамалық талдау дегеннің не екенін миымызға құйып алдық. Мектепте ұмытып кеткен орфоэпия мен орфография заңдылығын қайта оқыдық. Темірдей талаптың арқасында, қазір сауатты жазуға, ойлауға машықтандық. Қазір эфирді жаулап алған сауатты «сақауларға» да қойылатын талап мықты болу керек сияқты, менінше. «Н әрпіне тілін келмей ме, эфирге шықпайсың» деген талап болса, теледидар

көрінісі. Кітапты көп оқитын адамның миында сөздің, әріптің дұрыс жазылуы өзінен-өзі жатталып қала береді. Кітапты көп оқитын адам саналы түрде шатаса алмайды. Н әрпін н, қ әрпін қ деп окиды. Н әрпін айыра алмайтын журналистер прозопагнозия дертіне шалдыққандар болуы мүмкін. Бұл дерттің не екенін кітаптан оқып аларсыздар, құрметті оқырман! Токсан сөздің тобықтай түйіні, қандай да бір қателікке ұрынбау үшін, елге құлкі болмау үшін КІТАП ОҚИЫҚ.

жұлдыздары шетінен НӨН (айсберг) сөзін анық айтып кетер еді деп есептеймін. Екіншіден, бұл қазір кітаптың аз оқылатындығынын

Қали ЖОЛДАСОВ Abai.kz

Индира КЕРЕЕВА, Ақтөбе

«Н»-СЫЗ ЖУРНАЛИСТ

Бүгін таңертең «Балапан» телеарнасын қосып, қарап отырған ұлым «Әке, мына қыз не айтып жатыр? Сөзін түсінбедім. Айтып беріңізші» – деп жаналқымнан алды. Қарасам, «Алғыр алтау» деген бағдарламаны көрсетіп жатыр екен. Кадр сыртындағы мәтін. Ұлымының айтқаны рас екен, әлгі қыздың (не журналист, не диктор болуы мүмкін) сөзін түсіну мүмкін емес. Әр сөзін мұрынға сүйеп, міңгір-міңгір етеді. Шай ішіп отырғам, аузымдағы асты жұта алмай қалдым.

Көк сандық

«БАЛАПАН»

БЫЛДЫРЛАСЫН, МІҢГІРЛЕМЕСІНШІ!...

Ку шөппен ауыз сұртуге болмас, «Балапанды» көріп, балаларымыздың тілінің түзелгені рас. Бірақ сондай тәтті арнаның «мінгірін» естігім келмеген еді. Басқа-басқа, «Балапан», сен былдырлашы, мінгірлегенінді естімей-ақ қояйық!.. Құрметті, «Балапан» арнасының басшысы Ләйлә Сұлтанқызы, бір уақ «Әйел бақытынан» қолыңызды босатып, «Балапанға» да қарап қойыңызшы! Бал тілді «Балапан» былдырласын, мінгірлемесінші!

Жарас КЕМЕЛЖАН, Алматы

«Балам, сен де қай-қайдағыны сұрайды екенсін» — дедім ана мұрынға тығылып шыққан дауыстан жиіркеніп. Кадр сыртындағы мәтін аз емес, қойдың ішегіндей ұзақ сөйлем. Соны басынан аяғына шейін мұрынмен мінгірлеп отыр-мінгірлеп отыр. Естіген мың-миллион балапан құлақты емес, оқып

отырған тілшіге жаным ашыды. «Тұмау тиіп қалған сияқты ғой» — деді жолдасым. «Тұмауын білмеймін, шайың шай болмады» — деп орнымнан тұрып кеттім.

Серік ЖАНБОЛАТ: Оқшау ой

АЯҚ САЛУҒА ДА АБАЙЛАҒАН АБЗАЛ!

журналистер қолына микрофон алып зуылдай жөнелгенде, тап қазір өзім бірдене бүлдіретіндей тақымымды қыса бастаймын. Өткенде жаналықтарды қарап отырсам, бір қыз бала «мына жерге аяғымды салып тұрып» деп ауыл шаруашылығы мәселесін төпелеп жатыр. Отырған орнымнан құлап түсе жаздадым. О заманда бұ заман, қазақ «аяқ салу» деп бір ғана дүниені, бір ғана «шаруашылықты» айтпаушы ма еді? Атам заманнан! Міне, «Алпамыс» киісасынан үзінді келтірейін:

Көз жасы Байбөрінің бетін жуды,
«Көрмей-ақ өлем бе, — деп, — үйден дуды».
Сол кезде Құтайдың аяқ салған,
Тезекші қара күннен бір ұл туды.

Мінекей, көріп тұрсыздар, аяқ салған соң әйелдер бала табады. Осыны ұмытпаныздар! Қазақ баласын үйлендіруді «аяқтандыру» деп текке айтпайтын шығар?

Теледидардан репортаж жүргізгенде зуылдап сөйлеу міндет не екен? Айтпақ дүниенді түсініп алып, соны байыппен жеткізу міндет емес не екен?! Жас

Facebook парақшасынан

ҰЛТ

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

САҢЛАҚ

Олимпиада жеңімпазы, әлемнің екі дүркін чемпионы, даңқты балуан Шәміл Серіковке кезінде әлемге әйгілі күрес мамандары қатты сүйсінетін. Себебі қазақ балуаны қалыпқа сыймайтын, ерекше дарын иесі еді. Бүгін оқырман назарына өмірден ерте кеткен Шәмілдің боз кілемдегі қайталанбас сәттері туралы нақты деректерді келтіріп отырмыз.

1978 жыл КСРО ЧЕМПИОНАТЫ

Финалға дейін 5 белдесуде қарсыластарын таза жықты. Шешуші сында Олимпиада чемпионы, ресейлік Виталий Константиновты 11:3

«ШӘМІЛДІҢ КҮРЕСІ – НАҒЫЗ СПЕКТАКЛЬ ЕДІ»

(Жақсылық ҮШКЕМПІРОВ, Олимпиада және әлем чемпионы)

«ОН БЫЛ ИЗ ПОРОДЫ ГЕНИАЛЬНЫХ БОРЦОВ»

Ян ДЫМОВ, ФИЛА-ның «Алтын орденінің» иегері, Украинаның еңбек сіңірген журналисі, күрестің білгір маманы

1978 жыл ЭЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

Финалға дейін 5 қарсыласын аса киналмай ұтқан Шәміл шешуші белдесуде Германия балуаны, кейін әлем чемпионы болған Паскуале Пасареллиді 29:9 есебімен тас-талқан қылды. Мұндай есеп гандболда немесе регбиде ғана болады. Күресте мұндай есеппен әлем чемпионы атану заманынан озып туған адамның ғана қолынан келеді. Сол тұстағы әлем чемпионаттарының финалында Шәміл Серіковтен басқа бірде-бір балуан қарсыласын дәл осындай ірі есеппен ұтқан емес. Осы жерде алаш жұртшылығы үшін маңызды тарихи деректі келтіре кетейік. Шәміл бұл чемпионатта жеке-дара шығумен қатар, олимпиялық спорт түрлері бойынша казак спортшыларынан бірінші болып дүние жүзінің чемпионы атанды.

1980 жыл МӘСКЕУ ОЛИМПИАДАСЫ

1. Шәміл бірінші белдесуде бельгиялық Жульен Мевисті кеудесінен асыра лақтырып, 2 минут 28 секундта таза жықты.

2. Екінші кезекте румын Михал Боцилды 1 минут 25 секундта тізе бүктірді.

3. Үшінші сында итальяндық Антонио Кальтабианоны ұпай санымен жеңді.

4. Төртінші белдесуде чех Йозеф Кристаны 15:3 есебімен ойсырата ұтты.

Бұл бәсекеде Шәміл қарсыласын үш рет кеудесінен асыра лақтырды, екі рет етпетінен түсіріп, төрттағанға салды. Екі рет партерден аунатты. 7 минут 58 секундта төреші Кристаны сылбыр қимылы үшін жарыстан алып тастады.

5. Шәміл бұдан кейін швед Бенни Лунбекті 2 минут 42 секундта таза жықты.

6. Финал. Шәміл Серіков — Юзеф Липень (Польша) — 11:4.

Алла тағала ғаламат дарын сыйлаған балуан ғана Олимпиада ойындарын дәл осылай ұтса керек. Бұл тек құрғақ күшпен ғана келетін жеңіс емес. Шәміл ақыл-ойы, еңбекқорлығы, табиғи бейімі терең ұштасқан балуан. Жаратқан ие Шәміл пендесіне балуандық қабілетті молынан бере салған екен. Осындай азаматтың қазақ болғаны біздің халықтың бойында балуандықтың мол қазынасы бар екенін білдірсе керек. Олай болса, қазақтан грек-рим күресі бойынша 19 жылдан бері әлем чемпионы неге шықпай жүр? Бойында қазақы қаны бар қаладағы қарадомалақтар, ауылда мал жайлап, су тасып жүрген, оқу күнделігі төрт пен беске толы алаш баласы, осы жағын терең ойлап көрші...

Қадірлі оқырман! Біз Шәмілді толық зерттеген жоқпыз. Шәмілдің күресінен Алматыдағы спорт академиясында, елдің әр қиырындағы спорт мектеп-интернаттарында, күрес мектептерінде арнайы дәріс оқыса, балалар Шәміл туралы шығарма жазса, қазақтың небір алғыр балалары Серіковтей боламын деп, құлшынар еді, қолына қағаз-қалам алып, ойға, терең талдауға жүгінер еді. Амал не, қазіргі бапкерлер мен балуандардың басым көпшілігі Шәмілді зерттемек түгілі, бір бет күнделік жазуға ерінеді. Бойдағы қажыр-қайратың, үйренген әдіс-айлан, талабын ақыл-оймен, ізденіспен, біліммен суарылмаса, боз кілемде Шәмілдей күресемін деу бекер.

Қазақ баласы, қазіргі әлемдік спорт ғылымға арқа сүйеп отыр. Олимпиада мен әлем чемпионатының шынына нағыз ғалым бапкердің ғана шәкірті шыға алады. Осыны жадына мықтап сақтағаның дұрыс. Қазіргі қазақ балуандарында күш те, әдіс-айла да, тегеурін де бар. Тек бапкерлердің шығармашылық ізденіс кем соғып жатыр. Сосын алтыбақан алауыздыққа тізгін бермеуіміз керек.

Табиғатынан балуандыққа бейім Шәміл Серіковтің тәлімгерлері Алдабергенов пен Жарков білімді, білікті жаттықтырушылар болатын. Ал XX ғасырда әлем күресін мойындатқан, боз кілемнің академигі Валим Псарев ірі жарыстарға дайындық кезінде, сондай бәсекелер үстінде үнемі Шәмілдің қасында болды. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы», дейді аталарымыз.

Кенес империясының қалыбына сыймаған Шәміл отыз үш жасында өмірден озды

Қыдырбек РЫСБЕК



Қайындау туралы білеміз бе?

Манызы ерекше дәстүрдің бірі — қайындау. Кей жерлерде қайыншылау деп те аталады. Бұл қыз емес, күйеу жігіт жасайтын рәсім. Қайындау — “қыз көру”, “құдалық” сияқты сөз байласудан кейін жасалатын салт. Қайындауды “ұрын барумен” шатастыруға болмайды. Ұрын бару — жігіт пен қыздың үйлену алдындағы құпия кездесуі болса, қайындау — күйеу жігіттің болашақ қайын жұртына жасайтын сапары. Бұл да — төркіндеу сияқты міндетті дәстүр. Айырмашылығы — қайындаған жігіт қайын жұртынан ат мініп қайтпайды. Есесіне, шапан киіп, болашақ қайын жұртымен танысып, араласуға жол ашады. Тарихшы-этногрф Жанымхан Ошан: «Қайыншылап барудың өзі жігіт үшін үлкен сын болған. Себебі бұл «мектептен өту» деген үлкен сыннан өтумен бірдей. Қайыншылап барғанда жайдан-жай бармайды. Қайындап барғанға дейін көптеген белгілемелер болған казактың салт-дәстүрінде. Мысалы, құда түскеннен кейін, ресми түрде ұрын барғанға дейін, жігіттің қайын жұртына баруына болмайтын болған. Егер, ол қалыңдығын іздеп баратын болса, оңысы білініп қалса, қыздың аға-інілері сабап, соккыға жығатын жағдайлар болып отырған. Сондықтан, ол да бір қалыптасқан салт, некелену жүйесіндегі дәстүр» — екенін атап өтті.

ҚҰНТАРАҢЫҚ ІС



Бақ.kz хабарлағандай, бастапқыда бағдарлама бойынша 1 000 отбасы қамтылады. Жарты жылдан кейін бұл көрсеткішті көбейтіп, 500 мың әжені қамту жоспарланып отыр. Осылайша, әжелер айына 400 түрік лирін (105 доллар) алып, қосымша табысқа кенелмек. Ал жас келіншектер балаларын енелеріне қалдырып, алансыз жұмысына шығады.

Түркия үкіметі 2016 жылдың қазанында немерелерін бағып отырған әжелерге сыйақы төлеу туралы мәлімдеме жасаған болатын. Жоба ақпан айында Измир мен Бурсада басталмақ.

ЕСТІМЕГЕН ЕАӘЕ ҚҰН



көршілері полицияға хабар берген. Тәртіп сашқылары көршілерді емес, дауға себепші әтешті қамауға алды. Екі жақ татуласқан жағдайда ғана әтештің түрмеден босатылатынын айтқан. Әтештің түрмедегі суреті желі қолданушылары арасында үлкен танымалдылыққа ие болды.

Әтеш түрмеге қамалды

Гондурас елінде көршілердің ұрысуына себепші болған әтешті түрмеге жапты.

Бұл тосын оқиға көршісінің әтеші ауласына кіріп, мазасын алған тұрғынның наразылығынан басталды. Ақпарат құралдары жазғандай, екі көрші бір-бірімен қатты дауласып жатқан сәтте, бірмен қатты дауласып жатқан сәтте, дауға себепші әтештің түрмеден босатылатынын айтқан. Әтештің түрмедегі суреті желі қолданушылары арасында үлкен танымалдылыққа ие болды.



(Басы 1-бетте)

**Бағлан
ІҢҚӨРБЕК:**

Фристайлды ойланбай таңдадым

— Бағлан, алтын жүлде құтты болсын! Қоғамда казактар кыскы спорт түріне әлсіз деген пікір қалыптасқан. Бірақ кейінгі кезде кыскы спорттың өрісі кенейіп келеді. Өзің бұл спорт түріне қалай келіп едің? — Көп рахмет! Мен алғашында гимнастикамен айналыстым. Спорт шебері атағын да алғанмын. Сол кездері жаттықтырушым маған фристайлға барып, бағымды сынауға кеңес берді. Байқап қарасам, жаман емес. Эстетикалық сұлулығы да бар екен. Ойланбастан тандадым. Аяққа шаңғы байлап көрдік. Ары қарай бапкерлер менің мүмкіндігімді көріп, Ресейге алып кетті. Сол жақта фристайлдың кыр-сырын менгердік. Бір ай өткесін Қытайда өткен турнирге де қатысып үлгердім. — Универсиадаға келсек. Жеке сыңға түстің. Не жетіспеді? Сегізінші орыннан көріндің ғой? — Не жетіспегенін бапкерлер біледі. Жеңуге деген құштарлық болды әу баста. Алайда өз елінде өткен жарыстардың жауапкершілігі екі есеге артады.

Катты қобалжыдым, бәлкім, содан да болар деп ойлаймын. Жанкүйерлердің сенім артып тұрғанын сеземіз қашанда. Бұл жолы жеңілмеуіміз керек деп жігерленіп шықтым. Жаныңдағы серігің соны түсінсе, алмайтын асу болмайды. — Мамандар сайыстан соң қандай кеңес берді? — Олар менің қолымды қысып, ертең Жанботамен жұптаса, өнер көрсететінімді айтты. Сенімді ақтау керек. Деру өзімді қолға алдым. — Жанботамен бірге қатысу қосымша күш берген шығар?

**ЖЕАЕА
СҰХБАТ**

— Әрине. Командаласым ғой. Бір-бірімізді білеміз. Бірақ, кез келген спортшымен шығуға дайын болу керек. Біз кәсіпкой спорттамыз. — Туған жерге қайтып, туыс, елдің арасына қайттың. Алдағы жоспар қандай? — Кореі елінде енді бір айдан соң Әлем кубогі өтеді. Соған дайындалу керек. — Сеулге серуен құруға бармайтының анық. Жүлдеден үміт бар ма? — «Генерал болуды армандамайтын солдат солдат емес» демеуші ме еді? Менің де өз арманым бар. Әр жарыста медаль тағып жүрсек, халыққа да, маған да жаксы. Сол себепті құр алакан қайтпауды көздеймін. — Бағлан, әңгімеңе көп рахмет! Сәттілік тілейміз! — Сізге де рахмет!

Сұхбаттасқан Мадияр АРЫСТАНБАЕВ



Орын	Ел	Алтын	Күміс	Қола
1	 Ресей	13	13	6
2	 Қазақстан	6	2	7
3	 Франция	3	1	1
4	 Жапония	2	6	2
5	 Польша	2	2	3

**Директор — Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ**

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың бірінші орынбасары

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Бөлім редакторлары:

Марат МАМАНБАЙ — қоғам және әлеумет
Мақпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият
Руслан ДОСТАЕВ — арнаулы тілші
Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші
Мехмет СЕМЕРЖИ — фототілші

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДИЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынарғүл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Асқар АҚТІЛЕУ — Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Мұхтар ШЕРІМ — Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 428 21 08)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)
Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67 (жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2103; Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 52 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, соныдай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «Qazaq Air» әуежолдарының ұшақтарында бар.